

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКТЕМІН»
Қызылорда «Болашақ» университетінің
ректоры

Д.Б. Досманбетов

Қызылорда «Болашақ»
Ғылыми Кеңесі шешімімен

№ 5 хаттама «04» 04 2024 ж.

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ

Е Р Е Ж Е С І

Қызылорда қаласы, 2024 жыл

I. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына (бакалавриат) қабылдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қызылорда «Болашақ» университетіне бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығымен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде әзірленген.

2. Қызылорда «Болашақ» университетіне білім алушыларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Қызылорда «Болашақ» университетіне жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

4. Қызылорда «Болашақ» университетінде білім алушылар контингентін қалыптастыру жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

5. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл және "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

6. Шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын:

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ

АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырған және бір мезгілде жоғарыда көрсетілген шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың (ағылшын тілі) бірін ұсынған жағдайда ҰБТ сертификаты үшін шет тілі (ағылшын тілі) балдарының ең жақсы нәтижесі ескеріледі.

SAT (ЭсЭйТи – САТ), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

7. Қазақ тілін В1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да "Қазақ тілі" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

8. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Үлгілік қағидаларға 2-3-қосымшада белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

"Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Ұқсас мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

10. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде университетке оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде университетке қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

11. Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

12. Университеттің ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына университет ректоры, проректорлары, жоғары

мектеп декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшесі басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады және университеттің ректоры қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. Университеттің ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысын тағайындайды. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Университетке оқуға түсушілерден құжаттар қабылдау үшін университеттің ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары құрамы бекітіледі.

13. Университетке оқуға қабылдау төмендегі білім беру бағдарламалары топтары бойынша жүргізіледі:

Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Білім беру бағдарлама сының коды	Білім беру бағдарламасының атауы	Шекті балл
6B011 Педагогика және психология	B001 Педагогика және психология	6B01101	Педагогика және психология	75
6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	B002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	6B01201	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	75
6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	B003 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	6B01303	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	75
6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	B004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	6B01403	Бастапқы әскери дайындық	75
	B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6B01404	Дене шынықтыру және спорт	75
	B006 Музыка мұғалімдерін даярлау	6B01405	Музыкалық білім	75
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	B009 Математика мұғалімдерін даярлау	6B01503	Математика	75
	B011 Информатика мұғалімдерін даярлау	6B01504	Информатика	75
	B013 Биология мұғалімдерін даярлау	6B01501	Биология	75
	B014 География мұғалімдерін даярлау	6B01502	География	75
6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	B015 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	6B01601	Тарих	75
6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті	75
	B017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6B01702	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	75
	B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	6B01703	Шетел тілі: екі шетел тілі	75
6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	B020 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	6B01901	Арнайы педагогика	75
		6B01902	Логопедия	75

6B021 Өнер	B031 Сән, дизайн	6B02102	Дизайн	50
6B023 Тілдер және әдебиет	B036 Аударма ісі	6B02301	Аударма ісі	50
6B032 Журналистика және ақпарат	B042 Журналистика және репортер ісі	6B03201	Журналистика	50
	B043 Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағат ісі	6B03203	Кітапхана ісі	50
6B041 Бизнес және басқару	B044 Менеджмент және басқару	6B04102	Экономика	50
		6B04104	Мемлекеттік және жергілікті басқару	50
6B041 Бизнес және басқару	B045 Аудит және салық салу	6B04101	Есеп және аудит	50
	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6B04103	Қаржы	50
6B042 Құқық	B049 Құқық	6B04201	Құқықтану	75
		6B04203	Құқық қорғау қызметі	75
6B052 Қоршаған орта	B051 Қоршаған орта	6B05201	Экология	50
6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық технологиялар	6B06102	Ақпараттық жүйелер	50
		6B06101	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	50
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B062 Электр техникасы және энергетика	6B07102	Электр энергетикасы	50
6B072 Өндірістік және өндіру салалары	B271 Мұнай-газ ісі	6B07202	Мұнай-газ ісі	50
6B073 Сәулет және құрылыс	B074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	6B07301	Құрылыс	50
6B113 Көлік қызметтері	B095 Көлік қызметі	6B11301	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру (теміржол көлігі)	50

2. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

14. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде "Педагогика ғылымдары" білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

15. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін университеттің ректорының бұйрығымен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады. Комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан ЖЖОКБҰ өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. "Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау" даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі

бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Шығармашылық емтихандар бойынша комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Шығармашылық емтихандар бойынша комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

16. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу білім бағдарламалары топтары бойынша осы Ереженің 1.1-қосымшасына сәйкес Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосуретін;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) ҰБТ сертификатын (бар болса);
- 5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса).

17. Қызылорда «Болашақ» университеті ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

18. 14. ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

19. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Ереженің 1.2-қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны белгіленген.

20. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерден құжат қабылдау және арнаулы емтихан өткізу университеттің қабылдау комиссиясында күнтізбелік жылғы 20 маусымнан 24 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

21. Қызылорда «Болашақ» университетінің шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар шығармашылық емтихандарды Қызылорда «Болашақ» университетінде тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

22. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласына университетке түсуші адамдар қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша университетке оқуға түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдары ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша университетке оқуға түсуші адамдар үшін жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

23. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламалары университетте әзірленеді және университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және университеттің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

24. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін дәрісханаға жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

25. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

26. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

27. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары шығармашылық емтихандар бойынша комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Шығармашылық емтихандар бойынша комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

28. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

29. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша сәйкес оқуға түсушіге қабылдайтын ЖЖОКБҰ-ға ұсыну үшін университеттің қабылдау комиссиясы ведомостан үзінді береді.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

30. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті

емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында университеттің ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол апелляциялық комиссия төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

31. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

32. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

33. Қызылорда «Болашақ» университеті республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде оқуға қабылдау үшін арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

3. Қызылорда «Болашақ» университетіне қабылдау тәртібі

34. Университетке оқуға қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб- порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілген қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті караудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге университеттің қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамызы аралығында ұсынады. Құжаттарды қабылдағаннан кейін университеттің ректоры көрсетілетін қызметті алушыны университетке білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Оқуға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатын (телнұсқа); үшін қажет) және

2) жеке басын куәландыратын құжатын (жеке басын сәйкестендіру құжаттамасының нысандарын бекіту туралы) көшірмесін;

3) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

5) ҰБТ сертификатын;

6) б) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

Осы 1) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

35. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді және ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде

білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

36. Университет Білім туралы Заңның 43-1-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес Заңның 26-бабының 8 және 9-тармақтарында корсетілген түсушілерді қоспағанда, қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, түсушілер үшін өту балын айқындайды.

Күндізгі толық оқу нысанында ақылы негізде бірінші курсқа қабылдау үшін даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып өту баллы негізінде қабылданады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім негізінде қысқартылған оқыту мерзіміне ақылы негізде бірінші курсқа қабылдау үшін өткізілетін қосымша емтихан әңгімелесу түрінде жүргізіледі.

37. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Ереженің 6-тармағында белгіленген шекті балды жинаған жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университеттің ректорының атына ақылы негізде қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін университеттің ректорының атына ақылы негізде қабылдау туралы өтініш береді. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Ереженің 60-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

38. ҰБТ-ның нәтижесі бойынша осы Ереженің 6-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар университеттің ректорының атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

39. Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдары есепке алына отырып жүргізіледі.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

40. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада нострификациялау рәсімінен өтеді. белгіленген тәртіппен

41. Университет қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға университетке студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

Келісілді:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор



Г.Ж. Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
баскарма басшысы:



А.К. Мырзанова

Студенттік бөлім басшысы:



Н.Б. Тыныштықбаев

Құрастырғандар:

Білім беру бағдарламалары

Бөлімінің басшысы:

Қабылдау комиссиясының жауапты
хатшысы



А.У. Тулепбергенова

М.Е. Ескуниева